

**«8D05102 – Биомедицина» мамандығы бойынша Ешмуханбет Анар  
Нұржанқызының «Құрсақ қуысының қабынуы кезіндегі ішек гемо- және  
лимфодинамикасының өзгеруі және лимфа түйіндерінің жиырылу  
белсенділігі» тақырыбындағы диссертация жұмысына  
ғылыми кеңесшінің**

**ШКІРІ**

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі құрсақ қуысының қабынуы – денсаулық сақтау саласындағы ең өзекті мәселердің бірі болып табылады. Бұл аурудың ауыр түрлерімен ауыратын науқастардың саны үнемі ұлғаюымен байланысты. Құрсақтың периталды және висцеральды қабаттарының қабынуымен бірге жүретін жалпы ағзада ауыр жағдаймен өтеді. Ішкі ағзалардың қабынуы кезінде іш қуысы, асқазан-ішек жолдары мүшелерінің перфорациясы кезінде асқазан немесе ішектегі заттар мен микрофлора құрсақ ішіне түседі, яғни микробтар мен бактериялар асқазан-ішек жолдарында тіршілік жасайды, асқазан-ішек жолының саңылауында өмір сүретін микроорганизмдер мен бактериялар іш қуысында артық бос сұйықтықтың іріндеуі пайда болады және ағзаның жалпы улануы орын алады. Сонымен қатар, перитонит веналық қысымның жоғарылауы, құрсақ қуысы органдарының қабынуы, құрсақ ішіндегі қан кету салдарынан пайда болған артық бос сұйықтықтың іріндеуі салдарынан пайда болуы мүмкін, нәтижесінде веноздық қысымның артуы, құрсақ ішінің қабынуы, құрсақ астынан қанның ағуы жүреді. Осы мақсатта алынған зерттеу жұмыстарының маңызы зор болып табылады. Сол жұмыстардың бірі, бірегейі деп атауға болатын жұмыс докторант А.Н. Ешмуханбеттің диссертациялық жұмысы болып табылады.

Диссертациялық жұмыс негізінен Генетика және физиология институтының лимфа жүйесі физиологиясы лабораториясында жүргізілді. Докторанттың жұмысының басқа жұмыстардан ерекшелігі, оның құрсақ қуысының бұзылыстары кезіндегі лимфа жүйесінің қызметі. Яғни, лимфа жүйесі қан-ұлпа-лимфа-қан гуморалдық тасымалдау тізбегіндегі негізгі буындарда, организмнің құрсақ қуысының қабынуы арқылы болған өзгерістерде лимфа жүйесінің компенсаторлық реакцияларға қатысу туралы түсініктерді қалыптастыруы және оның тасымалдау қызметінде маңызы зор екендігін анықтады. Жұмыс кіріспеден, ғылыми әдеби шолулардан, практикалық және тәжірибелік бөліктерден, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құрылған. Барлық бөлімдер логикалық тұрғыдан бірізді және диссертацияның тақырыбына сай. Жалпы жұмыс физиологиялық тұрғыдан ғана емес, биохимиялық, морфологиялық және гистологиялық зерттеулерді қамтыған. Докторант өзінің жұмысында алғаш рет лимфадағы биохимиялық зерттеулермен бірге оның жиырылу белсенділігін қабыну үдерістері жағдайында зерттеген.

Диссертанттың зерттеу жұмыстарынан алған мәліметтері, оның нәтижесінің теориялық және практикалық маңызы зор және лимфа жүйесінің физиологиясына жаңа мәліметтер қосады. Бұл құрсақ қуысының қабынуы кезіндегі лимфа жүйесінің ролін, қан тамырлары мен түйіндері арқылы лимфаның ұю

жылдамдығының қысқаруымен, тромбоциттер, лейкоциттер, лимфоциттер санының жоғарылағаны анықтаған.

Қорытынды бөлімінде диссертант тақырып бойынша шетелдік, отандық ғалым-физиологтардың еңбектеріне теориялық, әдістемелік, әдіснамалық тұрғыда қарастырып өз жиналған материалдарымен салыстырған. Зерттеу жұмысының түйінді ұғымдарының мәнін ашып, мазмұны мен құрылымын айқындаған. Жұмыс нәтижелері теориялық және практикалық мәнге ие және іргелі лимфаология мен физиологияға айтарлықтай үлес қосады. Алынған нәтижелер лимфа жүйесінде құрсақ қуысының қабыну процесінің механизмін ашады.

«Құрсақ қуысының қабынуы кезіндегі ішек гемо- және лимфодинамикасының өзгеруі және лимфа түйіндерінің жиырылу белсенділігі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысты дайындау барысында жалпы 12 ғылыми мақала дайындалған, оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енген журналда жарияланған (Q1 пайыздық көрсеткіші 85), 1 мақала Web of Science базасына жататын журналдарда жарияланған (Q4), индекс Хирша -1, сондай-ақ 3 мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарда, 5 халықаралық және Қазақстанның республикалық ғылыми-практикалық конференцияларында, 2 монография баспада жарық көрген.

Диссертациялық жұмыс үлкен шығармашылық ізденіспен орындалған, зерттеу жұмысының нәтижесі тиянақты, ал диссертант алдына қойған мақсатын жаңа әрі тиімді әдістерді қолдану арқылы өздігінен орындай білетін, маман ретінде жоғары біліктілігін және терең білімділігін көрсете білді. Сондықтан, докторант алдына қойылған мақсатты орындай алды және диссертацияны талапқа сай рәсімдеп, ұсынды, аталған жұмыс ресми қорғауға дайын деген пікір білдіремін.

Диссертанттың зерттеу жұмысын жазу барысындағы жауапкершілігі, ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны, тараулары бір-бірімен үйлесімді түрде баяндалғанын көруге болады.

Докторант Ешмуханбет Анар Нұржанқызының «8D05102 – Биомедицина» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Құрсақ қуысының қабынуы кезіндегі ішек гемо- және лимфодинамикасының өзгеруі және лимфа түйіндерінің жиырылу белсенділігі» атты докторлық диссертациясы тақырыбы бойынша зерттеуі, докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес және жұмыс ғылыми білікті түрде аяқталып ұсынылған, оған «8D05102 – Биомедицина» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,  
ҚР ҒЖБМ ҒК "Генетика және  
физиология институтының"  
жетекші ғылыми қызметкері,  
б.ғ.к., профессор



Абдрешов С.Н.

К.б.н. Абдрешов С.Н.  
[Signature]